

**Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Боранбаев Сандыбай Режепұлының
«8D02304 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Есбергенова Гульнар Исамадиновнаның «Түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера» тақырыбында
жазылған диссертациялық жұмысына**

ЖАЗБАША ПІКІРІ

p/c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Есбергенова Гульнар Исамадиновнаның «Түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы филологияның өзекті бағыттарына және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жж. (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы); Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029жж. (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы); Тарихи-мәдени мұра// Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жж. (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы); Қазақстан Респуб ликасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамалары мен (ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы) жалпыұлттық идеясына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.

		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1) Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылған жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғандығы туралы ақпарат берілмеген. 2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген. 3) Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл зерттеу түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфераны–маскулиндік пен фемининдік ұғымдардың көпдеңгейлі, өрістік-деңгейлік жүйесін – тұтас модель ретінде сипаттап, теориялық үлгілеу, эмпирикалық деректерді талдау мен ассоциативтік тәжірибені тоғыстыруға бағытталған- дығымен құнды. Гендерлік концептілердің аксиологиялық өзегінің дәлелді сипаттамасы жасалынып, семантикалық типология және өрістік-когнитивтік құрылым қалыптастырылған. Маскулиндік/фемининдік концептілердің семантикалық типологиясы негізделіп, олардың лексема – фразеологизм – паремия бойынша өрістік құрылымы концептуалдық когнитивтік матрицаға түсірілген, кластерлік модельдеу арқылы гендерлік сананың ішкі ұйымдасуы визуалдандырылған. Осы жағынан алғанда, қолымыздағы диссертациялық еңбек жалпы гуманитарлық ғылымдардың дамуына және түркологиялық зерттеулердің толығына елеулі үлесін қосады деуге негіз бар.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, жұмыс мазмұнын ашатын теорияларға талдау жасауда және оны практикалық тұрғыда негіздеуде ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, екіұшты ой тудыратын құрылымдарды қолданбауы автордың жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бар.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбының өзектілігі барынша негізделген. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында жасалған тұжырымдарынан көрінеді. Диссертациялық зерттеу жүйелік-құрылымдық парадигмада жүргізілген. Қазіргі түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфера құрылымы мен құрамы, жүйелік ұйымдасуы және тілдік құралдары мен дискурсы ғылыми негізделген түрде тек қазіргі тіл иелерімен жүргізілген эмпирикалық (ассоциативтік/сауалнамалық) тәжірибелер арқылы айқындап, гендерлік концептілердің себебі мен сырын ашуға негіз болатындығын дұрыс тұжырымдай алған.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысы кіріспе, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады. Бірінші тарауда ғаламның гендерлік тілдік бейнесін концептуалдаудың лингвомифологиялық негізі концептуалдану сипаты мен тілдік моделі жасалынған. Екінші тарау түркі халықтарындағы еркектік/әйелдік гендерлік концептосфераның лингвомәдени, құрылымдық моделін <u>қарастыруға арналған</u>. Ал үшінші тарауда гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдениетіндегі вербалдану сипаты мен ассоциативтік зерттеу нәтижелері талданған.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатқа, зерттеу нысаны мен пәніне, ұсынылған ғылыми болжамына сәйкес келеді. Ізденуші түркі лингвомәдени кеңістігіндегі гендерлік концептосфера тамырының тереңдігін көрсететін деректердің мазмұнын айқындау мақсатымен гендерология, когнитивтік лингвистика негіздерін басшылыққа ала отырып, 7 міндетті шешкен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толықтай өзара байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Әр бөлімнен кейін берілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып, жұмыстың жалпы қорытындысын негіздейді. Соның нәтижесінде диссертацияның барлық бөліміндегі ой-түйіндері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары мен нәтижелері ішкі бірлікте тұтасқан.
		4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдауы бар, авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелер жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар: - аталық және аналық бастау – мифтік дүниетанымның мазмұндық-формалық негізі, мифологиялық жүйеге тұтастық сипат беретін онтологиялық бастау, ғаламның мифологиялық бейнесінде орын алған бинарлық (жұптық) қарама-қарсылықтар, гендерлік оппозиция, мифологиялық таным, халықтың тұрмыстық деңгейдегі көзқарасынан

			бастап, дүниеге деген философиялық көзқарасына дейінгі өмірдің барлық саласында маңызды орынға ие екендігі жан-жақты зерделенген (бұл туралы 1.2 тараушада баяндалады); -ұлттық болмыс пен тарихи дүниетанымды тілдік құралдар арқылы кодтаудың ерекше үлгісі ретінде танылып, түркі халықтарының гендерлік концептуализациясына тән тұрақты модельдерді айғақтайтындығы, сонымен қатар, маскулиндік бейненің құрылымы мен бейнелену сипаты тек биологиялық белгіге емес, мәдениетаралық құндылықтарға, моральдық нормаларға және ұжымдық тілдік сананың когнитивтік категорияларына негізделетіні, жалпы концептологиялық сипаттары мен тілдік көріністегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау, салыстырмалы тұрғыдан зерделенген (жұмыстың 2.2-2.3 тараушалары); - гендерлік концептосфераның түркі лингвомәдениетіндегі вербалдану сипаты, зерттеу нәтижелері түрік тілімен салыстырмалы тұрғыда қарастырылған (диссертацияның 3-тарауында қарастырылады).
		5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация қорытындыларының жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында толық дәйектелген: - әлем халықтарының ежелгі мифологиясы аталық және аналық бастаудың қарама-қарсылығы, сонымен қатар олардың бірлігі мен өзара бір-біріне кірігуі туралы идея төңірегінде өрбігендігі қазақ және шетел ғалымдарының еңбектерімен байланысты қарастырылып, ортақ тұстары мен ерекшеліктері зерделенген (25-38 бб); - гендерлік концептосфера құрылымында антропологиялық және гендерлік концептуалдық оппозицияның симметриялық мағынасынан гөрі, асимметриялық сипаты басымырақ екендігі экстралингвистикалық деректермен дәлелденген (45-72 бб.);

			- ассоциативтік зерттеу арқылы алынған ауқымды материалды лингвостатистикалық талдау және лингвомәдени интерпретация жасауға негіз қаланып, сол нәтижелерді мазмұндық тұрғыдан қарастырып, Қазақстан мен Түркия респонденттерінің жауаптарын салыстыра отырып, гендерлік концептосфера компоненттерінің қазіргі түркі дүниесіндегі вербалдану сипатын дәлелдеген (113-153 бб.)
		5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Жұмыстың құрылымы, мақсаты мен міндеттері, мол тілдік деректердің ғылыми-сипаттамалық талдануы, мазмұнына сай қорғауға ұсынылған тұжырымдары, зерттеу қорытындысы толық негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1. Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2. Тривиалды ма? 1) иә;	Диссертацияда қорғауға 6 тұжырым ұсынылған: Бірінші қағидат – құрылымдық және семантикалық типология түркі тілдерінің деректеріне негізделіп, маскулиндік/ фемининдік концептілердің бір деңгейлі, көп деңгейлі және сегменттік типтері түркі лингвомәдениетінің шынайы ұйым-дасу формаларын өзара салыстыру негізінде тұжырымдалған. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең

	2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3. Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4. Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.5 мақалада дәлелденген. Екінші қағидат-түркі халықтарының тілінде көрініс тапқан гендерлік мәдени модельдердің мазмұнын ашып көрсетіп, гендерлік лингвистика мен мәдениеттану салаларында жаңа кешенді тұжырымдар жасауға негіз болатындығы анықталған. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Үшінші қағидат-зерттеуге алынып отырған гендерлік концептосфера мен концептілердің құрылымын ашып, оларды құраушы концептуалдық бірліктерге сипаттама беріп, ғылыми тұрғыдан нақтылаған 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Төртінші қағидат-бойынша түркі тілдеріндегі гендерлік концептосфераның деңгейлік лингвомәдени моделі қалыптас- тырылып, аксиологиялық домендер жүйесі анықталған. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Бесінші қағидат-бойынша зерттеу нәтижелері түркі халықтарының тілінде көрініс тапқан гендерлік мәдени
--	---	---

			модельдердің мазмұнын ашып көрсетіп, гендерлік лингвистика мен мәдениеттану салаларында жана кешенді тұжырымдар жасауға негіз болатындығы, нақты мысалдармен дәйектелген. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Алтыншы қағидат-эксперимент арқылы алынған мәліметтер заманауи түркі лингвомәдениетінде гендерлік концептосфераның вербалды репрезентациясы ортақ екендігін, сонымен бірге әр ұлттың өзіндік этномәдени ерекшеліктері де бедерленетінін айғақтаған. 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1. Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ	Иә. Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік негіздерін анықтауда типологиялық талдау – түркі тілдеріндегі ұқсас/айырмашылығы бар гендерлік концептілердің құрылымын, семантикасын, тілдік көрінісін салыстыру, компоненттік талдау т.б. түрлі әдістер қолданылған.
		8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған.

	1) иә; 2) жоқ	8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ	Иә. Барлық қорытынды, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген.
		8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңды жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге сүйеніп, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.
		8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолуға жеткілікті, Отандық және шетелдік дереккөздер, сөздіктер, барлығы 205 әдебиет қолданылып, сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	Иә. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысындағы ғылыми дәйектелген түйінді тұжырымдарды түркі лингво мәдениеті бойынша гендерлік оқу модульдерін жобалауға, паремиологиялық және фразеологиялық материалдарды, мәтіндерді құндылықтық қағидаты тұрғысынан оқытуға, «құндылықтық оқу» дағдыларын қалыптастыру бойынша теориялық материал ретінде пайдалануға болады.
		9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: қолдану мүмкіндігі жоғары:	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері білім беру, лексикография, аударма және

		1) иә; 2) жоқ	дискурс-сараптама практикасы үшін жинақталған тілдік материалдарды тарихи танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, тарихи және энциклопедиялық сөздіктер құрастырғанда тілдік дерек ретінде қолдануға болады.
		9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген нәтижелерді құрылымдық лингвистикалық бағытта зерттеулер жүргізіп, талдау жұмыс- тарын жасауға, филология факультеттерінде тарихи лексикология, лингводереккөзтану курстарын жүргізуде тілдік материал ретінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың тілі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Зерттеудің құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер:	1. Диссертацияның бірінші тарауында отандық және шетелдік ғалымдардың пікіріне өте көп сілтеме берілген, бірақ сол сілтемелерге диссертант тарапынан тұшымды талдау мен өзіндік ой қорыту жеткіліксіз. 2. Зерттеу жұмысында маскулиндік/фемининдік деген терминдер еркектік/әйелдік деген терминдермен бірге өте көп қолданылған. Бұл жерде бір рет берілгеннен кейін, біреуін қолданса да түсінікті болар еді (9,41 бб.). 3. Жұмыста пунктуациялық қателер кездеседі. Мұндай кемшіліктер жұмыстың мазмұнына нұқсан келтірмейді.

12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – 6. Олардың ішінде Linguo-Cultural Image of a Woman in the Turkic Gender Conceptosphere // Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol.9, №2, 2023.– Pp. 237-245. Процентиль 81,Q1. https:// ejal.info/menuscrypt/index.php/ejal/article/view/578/176 Особенности фразеологического моделирования гендерных стереотипов в тюркских языках // Oriental Studies. Том 9, №5, 2023.–С. 1367–1381. Процентиль 54, Q2. https://doi.org/ 10.22162/2619-0990-2023-69-5-1367-1381 шетелдік журналдарда жариялануы оның ғылыми деңгейінің жоғарылығын айғақтайды. ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған Intellectual Representation of Gender Concept ‘Ayel’ In Turkic Paremiological Picture of The World // Bulletin of Yassawi University. – 2025. – №2 (136). – Pp. 155–166. https://doi.org/ 10.47526/2025-2/2664-0686.200 тақырыбындағы мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулардың мамұнымен сәйкес келеді, олардың да ғылыми деңгейі жоғары. Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер: Түркі дүниетанымындағы гендерлік концептілердің лингвомәдени сипаты // “Yangi renessans istiqbolida filologik-pedagogik tadqiqotlarning nazariy va amaliy ahamiyati” тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (20 қыркүйек). Ташкент, 2024. – 15-26 бб. (Сертификат). Linguocultural aspect of the masculine gender conceptosphere // Proceedings of the 11th International Scientific Conference “Theoretical Hypotheses and Empirical results” (September 3-
--	--	---

			4). Oslo, 2025. – Pp.55-61. https://ojs.publisher.agency/index.php/THIR/article/view/6787 Gender semantic features of the feminist conceptosphere in Turkic languages // Proceedings of the 11th International Scientific Conference “Modern scientific technology” (September 11-12). Stockholm, 2025. – Pp. 97-102. https://ojs.publisher.agency/index.php/MSA/article/view/6785 Зерттеу жұмысының маңызын анықтауға қатысты халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрген жарияланымдар зерттеудегі міндеттерді шешуді көздеген тарауларға сай келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Есбергенова Гульнар Исамадиновнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Есбергенова Гульнар Исамадиновнаның «8D02304 – Филология» мамандығы бойынша «Түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір білдіруші:

**М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті
«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ҒЗИ директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

20.11.2025



Боранбаев С.Р.

